

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН

**MEDISINA
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL
ACADEMY**

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

18/1-164 01.06.2026



БЕКІТЕМІН
«ОҚМА» АҚ ректоры
Ж.С.Сейтжанова
2026 ж.

**«БОЛАШАҚ» АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖАСТАР ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
ЕРЕЖЕСІ**

Е 412-2026

Күні	Көшірме	Басылым
		Төртінші

Шымкент

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		Е 412-2026
«Болашақ» академиялық жастар орталығының ережесі		4-ші басылым 13 беттің 2 беті

1.«ОҚМА» АҚ Жастар саясаты бөлімі ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ.

2.«ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңестің шешімімен БЕКІТІЛДІ.

Кезеңді тексеру мерзімі – 3 жыл

O'NTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		Е 412-2026
«Болашақ» академиялық жастар орталығының ережесі		4-ші басылым 13 беттің 3 беті

МАЗМҰНЫ

1.	Нормативтік сілтемелер.....	4
2.	Терминдер, анықтамалар және қысқартулар.....	4
3.	Жалпы ережелер.....	5
4.	Ұйымдастыру құрылымы.....	6
5.	Негізгі мақсаттары мен міндеттері.....	6
6.	Негізгі қызметтері.....	8
7.	Жастар ұйымдары.....	9
8.	Жауапкершілік.....	9
9.	Құқықтары.....	10
10.	Басқа құрылымдық бөлімдермен байланысы.....	11
11.	Студенттік Кеңестің мәртебесі, құрылымы, міндеттері.....	12

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		Е 412-2026
«Болашақ» академиялық жастар орталығының ережесі		4-ші басылым 13 беттің 4 беті

1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы «Болашақ» АЖО-ның ережесі келесідей нормативтік құжаттардың талаптары ескеріліп, әзірленді:

- Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы: 2007 жылғы 27 шілде, № 319 (өзгерістер мен толықтырулармен);

- Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңы: 2015 жылғы 18 қараша, № 410-V (өзгерістермен және толықтырулармен);

- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі: 2015 жылғы 23 қараша, № 414-V;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясаты туралы Заңы: 2015 жылғы 9 ақпан, №285-V ҚРЗ;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулармен);

- Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, 2023 жылғы 28 наурыз, №247 қаулысы;

- «ОҚМА» АҚ Білім алушылардың этикалық кодексі;

- «ОҚМА» АҚ-ның Жастар саясаты бөлімі туралы Ереже;

- ISO 9000:2015. Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік;

- ҚР СТ ISO 9001-2016. Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар;

- СТ 002-2024. Ішкі нормативтік құжаттарын басқару;

- СТ 003-2024. Ұйымдастыру құжаттарын басқару;

- СТ 011-2024. Персоналды басқару;

- СТ 012-2025. Әкімшілік-басқару персоналының, профессорлық-оқытушылық құрамның және ғылыми қызметкерлердің біліктілігін арттыру;

- СТ 023-2024 «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ білім беру қызметінің сапасын ішкі қамтамасыз ету стандарттары;

- Академиялық адалдық кодексі К 121-2023;

- «Е 507-2026. «ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі».

2 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы құжатта келесідей терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылды:

Академиялық адалдық — бұл білім беру, білім алу мен ғылыми жұмыс барысында шынайылық, әділдік және жауапкершілік қағидаларын сақтай отырып, сыбайлас жемқорлықты алдын алуды, болдырмауды қамтамасыз етеді.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		Е 412-2026
«Болашақ» академиялық жастар орталығының ережесі		4-ші басылым 13 беттің 5 беті

Академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттары:

- адалдық – пара алмау, жалған ақпарат бермеу;
- әділдік – барлыққа тең мүмкіндік беру, таныстықпен артықшылық жасамау;
- жауапкершілік – өз әрекетіне есеп беру, заң мен ережені сақтау;
- сенім – қоғамда және оқу орнында сенімді орта қалыптастыру;
- құрмет – басқалардың құқығы мен еңбегін бұзбау;
- ашықтық – шешімдер мен бағалаудың айқын болуы;
- жасанды интеллект – адамның интеллектуалдық қызметінің нәтижелерімен салыстырылатын немесе олардан асып түсетін нәтижелерді қамтамасыз ететін, адамға тән когнитивті функцияларды имитациялай алатын функционалдық қабілет;
- жасанды интеллект жүйесін пайдаланушы – нақты функцияны және (немесе) міндетті орындау үшін жасанды интеллект жүйесін пайдаланатын адам;
- жасанды интеллект жүйесі қызметінің нәтижесі – ұсынылу нысанына қарамастан, ақпарат, шешім немесе жасанды интеллект жүйесі өндіретін жұмыстарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді қоса алғандағы әрекеттер.

«ОҚМА» АҚ - «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамы,

АЖО - академиялық жастар орталығы,
ЖОО - Жоғары оқу орны,
ЖСБ - Жастар саясаты бөлімі,
КТК - Көңілді-тапқырлар клубы,
ҚазМед - Қазақстан медицина жастары,
ҚР ҒжЖБМ - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі,
ҚР ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі,
ОӘЖ - Оқу-әдістемелік жұмыстары,
СӨС - Салауатты өмір салты,
ІСД - Ішкі саясат департаменті,
ІД - Ішкі істер департаменті,
ӘММ- Әлеуметтік медиа-менеджер.

3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ (бұдан кейін – «ОҚМА» АҚ) «Болашақ» академиялық жастар орталығы (бұдан кейін – орталық) Жастар саясаты бөліміне қарайды. Орталықтың жұмысына ағымдағы бақылауды Жастар саясаты бөлімі жүзеге асырады.

«Болашақ» АЖО-ның мүшелері ЖСБ мен студенттердің сайлауы арқылы тағайындалады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		Е 412-2026
«Болашақ» академиялық жастар орталығының ережесі		4-ші басылым 13 беттің 6 беті

«Болашақ» Академиялық жастар орталығы өз қызметін Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатын іске асыруға, жастардың елдің қоғамдық өміріне белсенді қатысуын ынталандыруға, қоғамдық ұйымдар мен студенттік өзін-өзі басқару органдарының жұмысын жетілдіруге бағыттайды. Сондай-ақ, орталық өз құқықтарын қорғай білетін, қоғамның дамуына елеулі үлес қосуға қабілетті, отансүйгіш және белсенді жастар ортасын қалыптастыруды мақсат етеді.

Академиялық жастар орталығы белсенді, үлгілі, үлгерімі жақсы, шығармашыл және жалпы білім алушы жастардың қызығушылығын іске асыра отырып, «ОҚМА» АҚ құрылымдық бөлімдерімен, әкімшілігімен тәрбие, оқу, ғылым, ұйымдастыру процестерінде тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасайды.

Орталықтың жұмыс жасау құқығы осы Ереже «ОҚМА» АҚ сапа бойынша кеңесінде бекітілген сәттен бастап іске асады.

4 ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРЫЛЫМЫ



5 НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Мақсаттары:

- жастардың көшбасшылық қабілетін дамыту және жас көшбасшыларды таныта білу;
- жастардың отансүйгіш рухтарын жоғарылату;
- студент жастардың жан-жақты дамып, белсенді болуына жағдай жасау;
- жастар ұйымдары мен білім алушылардың жастар саясатын жүзеге асырудағы рөлін арттыру;
- оқу процесіндегі кемшіліктер мен өзекті мәселелерді шешуге үлес қосу;
- білім алушылардың оқу орны ішілік, қалалық, облыстық, республикалық шараларға қатысуына ықпалдасу;

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		Е 412-2026
«Болашақ» академиялық жастар орталығының ережесі		4-ші басылым 13 беттің 7 беті

- жастар арасындағы ұлтаралық, дінаралық келісімді нығайту;
- сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу шараларын жасау;
- жастар арасындағы құқық бұзушылықты болдырмау;
- жастардың әлеуметтік, құқықтық және мәдени мәселерін шешу жобаларын дайындау және аталған бағдарламаларды жүзеге асыру;
- оқу орны ішілік, облыстық, республикалық көлемдегі БАҚ өкілдерімен тығыз қарым-қатынас орнату;
- СӨС қалыптастыруда спорттық жарыстар, спартакиадалар, кездесулер, акциялар өткізу арқылы кең көлемде насихаттау;
- облыстық, республикалық және әлемдік жастар ұйымдарымен қарым-қатынас жасау;

- «ОҚМА» АҚ талапкерлер санын арттыру;

5.2. Міндеттері:

- Білім алушылармен қызметкерлері арасында, академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға және сол қағидаттарды қатаң ұстану;

жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдануға қатысты ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын, соның ішінде оларды қауіпсіз, этикалық және жауапты пайдалану қағидаттарын сақтау;

- заң шеңберімен жұмыс жасап, заңды орындау;
- өз қызметін «ОҚМА» АҚ жарғысымен және ғылыми кеңес пен ректорат шешіміне сәйкес жүргізу;
- «ОҚМА» АҚ өзге де құрылымдарына қажет болған жағдайда көмек беру (мерекелік іс-шараларда кезекшілік жасауға, қонақтарды тіркеу кезінде т.б.);
- тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор өкімін орындау.

Студенттік ректор міндетті:

- орталықты басқаруға;
- орталықтың ережесіне сәйкес ұйымдардың жұмысының іске асырылып жатқандығын бақылауға;
- жастар ұйымдарының жоспарларын бекітуге;
- орталықтың шешімін бекітуге;
- орталық атынан ЖСБ-не, Ғылыми кеңеске және ректоратқа ұсыныс айтуға;
- өзге де облыстық, республикалық және халықаралық жастар ұйымдарымен қарым-қатынасты дамытуға;
- жасалынған жұмыстар туралы студенттік ректоратта есеп беруге;
- жемқорлықтың алдын-алу шараларын жасауға.

Оқу-тәрбие жөніндегі студенттік проректор міндетті:

- жастар ұйымдары жұмысын жоспарға сәйкестігін бақылауға және олардың тиімді жұмыс істеуіне ықпал етуге;
- салауатты өмір салтын насихаттайтын сауықтыру шараларының өткізілуіне;

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		Е 412-2026
«Болашақ» академиялық жастар орталығының ережесі		4-ші басылым 13 беттің 8 беті

- ЖСБ-мен бірігіп жастарға әлеуметтік мәселелерде қолдау көрсетуге;
- экстремистік және террористік әрекеттерге қарсы іс-шаралар ұйымдастыруға;
- ұлтаралық ынтымақтастықты арттыруға;
- облыстық, республикалық қоғамдық бірлестіктермен қарым-қатынас орнатуға;
- «ОҚМА» АҚ жастары туралы толыққанды ақпаратқа ие болуға;
- оқу-әдістемелік, ғылыми жұмыстарға байланысты ұсыныс айтуға;
- жастар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алуға және жоюға.

Даму және инновация жөніндегі студенттік проректор міндетті:

- орталықтың жұмысының дамуына үлес қосатын тың идеялар мен жоспарын әзірлеуге;
- Болашақ АЖО жұмыс құрылымына жаңашылдық енгізу, оны әрдайым ЖСБ меңгерушісімен кеңесіп отыруға;
- мәжілістер мен жиналыстар туралы ақпаратпен жастардың хабардар етуге;
- жасалған жұмыстардың есебін дайындауға;
- өкімдер мен хабарлама қағаздарын өз уақытында дайындауға;
- орталықтың барлық құжаттарына жауап беруге.

Студенттік декандар міндетті:

- өз факультетінің білім алушыларын басқаруға;
- атқарып жатқан жұмыстар жөнінде студенттік ректорға есеп беруге;
- жемқорлықтың алдын-алу шараларын жасауға.

6 НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕРІ


«Болашақ» АЖО қызметтері:

- орталық ғылыми кеңес, ректорат шешімімен жоғары дәрежелі жастардың жетекшілігімен қызмет атқарады;
- орталықтың ережесі ЖСБ мәжілісінде қарастырылып, Сапа бойынша кеңесте бекітіледі;
- ЖСБ меңгерушісіне студенттік проректорлар мен студенттік декандарды, ұйым басшыларын дауысқа салу арқылы студенттік ректорды бекітуге ұсынады;
- ЖСБ шешімі барлық жастар ұйымдарына міндетті болып саналады;
- мәжілістердің өткізілуін студенттік ректор заңды түрде бекітеді және жариялайды;
- орталық басшысы белгіленген 1 жыл мерзімге (1 оқу жылына) тағайындалады. Қызметтік мерзімі аяқталмай жатып, ұйым басшылығынан бас тартқан жағдайда Студенттік этикалық кодекске сәйкес шара қолданылады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		Е 412-2026
«Болашақ» академиялық жастар орталығының ережесі		4-ші басылым 13 беттің 9 беті

7 ЖАСТАР ҰЙЫМДАРЫ

Республикалық дәрежедегі ұйымдар



«ОҚМА» АҚ ішлік ұйымдар



8 ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Жасанды интеллект құралдарын қолдану кезінде алынған нәтижелердің дұрыстығын тексеруді, құпиялылық пен деректерді қорғау талаптарын, академиялық адалдық қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ аталған технологияларды қолдана отырып дайындалған түпкілікті шешімдер мен материалдар үшін жеке жауапкершілікте болады.

Жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдану тәртібін сақтамау академиялық адалдық қағидаттарына қайшы келетін іс-әрекет ретінде қарастырылады.

Студенттік ректор жауапты:

- басқаратын орталықтың жалпы қызметіне;
- жұмыстардың орындалуына;
- белсенділердің көшбасшылық дарынын қалыптастыруға;
- марапатталған жастардың алғысқа лайықты болуына;
- «ОҚМА» АҚ-ның республикадағы ЖОО-мен, басқа да мемлекеттермен, қоғамдық жұмыстар істейтін ұйымдармен байланыстарды кеңейтуге;
- «Болашақ» АЖО сайлауының әділ өтуіне;
- дұрыс шешім қабылдауға;
- ЖСБ-не білім алушылардың мәселелері жөнінде дер кезінде хабарлап отыруға.

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		Е 412-2026
«Болашақ» академиялық жастар орталығының ережесі		4-ші басылым 13 беттің 10 беті

Оқу-тәрбие жөніндегі студенттік проректор жауапты:

- өздеріне жүктелген барлық жұмыстарды орындауға;
- жастар ұйымдарының жан-жақты дамуына ықпал жасауға;
- жастар ұйымдарының жетекшілерінің пікірлерін тыңдауға;
- қоғамдық жұмыспен айналысатын белсенділердің алғыс хаттармен марапатталып, сыйақы берілуін ұйымдастыруға;
- орталық ережесіне сәйкес өз қызметін жасауға.

Даму және инновация жөніндегі студенттік проректор жауапты:

- орталықтың жылдық жоспары мен есептеріне;
- орталықтың барлық құжаттарының ережеге сәйкестігіне;
- жастар ұйымдары жетекшілерін мәжілістер мен жиналыстар туралы ақпараттандыруға.

Студенттік декандар жауапты:

- басқаратын факультеттің жалпы қызметіне;
- жұмыстардың орындалуына.

9 ҚҰҚЫҚТАРЫ

Студенттік ректор құқылы:

- «ОҚМА» АҚ кез-келген білім алушылары атынан Ректоратта, Ғылыми кеңесте сөйлеуге;
- дарынды жастарды марапаттауға ұсыныс білдіруге;
- «ОҚМА» АҚ жастарына қатысты барлық өзекті істерді заң шеңберінде шешуге;
- студенттік ректор қызметін атқарып болған соң, Жастар саясаты бөлімінің кеңесшісі қызметіне ауысуға құқылы.

- дарынды жастарды марапаттауға ұсыныс білдіруге;
- «Болашақ» АЖО жұмысына ұсыныстарын білдіруге;

Оқу-тәрбие жөніндегі студенттік проректор құқылы:

- барлық жастар ұйымдарының жұмысын басқаруға;
- жастар ұйымдарының беделін арттыруға;
- жатақханадағы студенттердің тұрмысымен танысып, өзекті мәселелерді студенттік ректорға және орталық мәжілісінде баяндауға;
- тәрбие жұмысының жетілуіне байланысты жаңа жобалар дайындап, орталық мәжілісінде ұсыныс айтуға;
- сабақ кестесінің, оқу жоспарының бекітілуіне қатысуға.

Даму және инновация жөніндегі студенттік проректор құқылы:

- жастар ұйымдары есебін қабылдауға;
- жастар ұйымдарының құжаттарын тексеріп, түзетуге;
- жастар ұйымдары құжаттарының толық болуын талап етуге.

Студенттік декандар құқылы:

- өз факультетінің деканатымен тығыз жұмыс жасауға;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		Е 412-2026
«Болашақ» академиялық жастар орталығының ережесі		4-ші басылым 13 беттің 11 беті

-білім алушылардың ұсыныс-шағымдарын ЖСБ мен факультет деканына жеткізуге;

-дарынды жастарды марапаттауға ұсыныс білдіруге.

10 БАСҚА ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМДЕРМЕН ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

10.1 Бөлімдермен қатынас тәртібі:

- орталық Жастар саясаты бөлімімен, кафедралармен, деканаттармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасайды;

- жастардың ғылыми мәселелері бойынша ғылыми бөліммен жұмыс жасайды,

- жастардың кітап оқуы, әдеби танымының дамуы бойынша кітапханалық-ақпараттық орталығымен байланыс жасайды;

- материалдық қамсыздандырылу бойынша әкімшілік-шаруашылық департаментімен, қаржы мәселесіне байланысты есеп-қисап бөлімімен және құқықтық нормалармен заң шеңберіндегі сұрақтар бойынша заңгермен біріге отырып жұмыс жасайды.



10.2 Құжат айналым тәртібі:

- орталықтың жұмыс жоспары ЖСБ-мен келісе отырып жасалынады және бөлім меңгерушісімен бекітіледі;

- өткізілген іс-шаралар мен жасалған жұмыстардың құжаттарын (хаттама, хабарлама және т.б.) хатшының жұмыс бөлмесінде сақталады;

- оқу жылында жасалған жұмыстары жөніндегі есепті 1 шілдеге дейін ЖСБ меңгерушісі бекітіп, ғылыми кеңесте есеп береді.

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		Е 412-2026
«Болашақ» академиялық жастар орталығының ережесі		4-ші басылым 13 беттің 12 беті

11 Студенттік кеңестің мәртебесі, құрылымы, міндеттері мен жауапкершілігі

11.1 Студенттік кеңес академия білім алушыларының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, олардың шығармашылық және басқарушылық әлеуетін іске асыруды қамтамасыз ететін студенттік өзін-өзі басқарудың ресми алқалы органы болып табылады.

Студенттік Кеңестің құрамы:

- Студенттік ректор;
- Оқу-тәрбие жөніндегі студенттік проректор;
- Даму және инновация жөніндегі студенттік проректор
- ӘММ менеджері,
- Факультеттердің студенттік декандары
- Академиялық жастар ұйымдарының басшылары ;
- Белсенді студенттер.

11.2. Міндеттері:

академияда студенттік өзін-өзі басқаруды дамыту, білім алушылар ортасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет пен академиялық адалдық қағидаттарын орнықтыру, сондай-ақ жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қауіпсіз, этикалық және жауапты қолдануды қамтамасыз ету болып табылады.

Кеңес мүшелері өз құзыреті шеңберінде қабылданған шешімдердің орындалуына, ішкі нормативтік талаптардың сақталуына, сондай-ақ ЖИ құралдарын пайдалану кезінде дайындалған материалдардың нақтылығы мен құпиялылығына тікелей жеке жауапкершілік артады.

Кеңестің ресми мәжілісі (академиялық демалыс кезеңдерін қоспағанда) айына кемінде 1 (бір) рет өткізіледі.

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		Е 412-2026
«Болашақ» академиялық жастар орталығының ережесі		4-ші басылым 13 беттің 13 беті

Әзірлеген:

Қызметі	Т.А.Ж.
Жастар саясаты бөлімінің меңгерушісі	М.А.Турабек

Тексерген:

Қызметі	Т.А.Ж.
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімнің меңгерушісі	Н.Ә.Ержанов
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	О.А.Кабиштаев

Келісілген:

Қызметі	Т.А.Ж.
Тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор	Е.Қ.Сәлім
Комплаенс офицер	Н.А.Пернебаев

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		Е 412-2026
«Болашақ» академиялық жастар орталығының ережесі		4-ші басылым 13 беттің 14 беті

Лист согласования и подписания

ФИО	Тип действия	Время и дата согласования или подписания	Замечания	Данные по ЭЦП
Турабек Мадина Айдарқызы	Разработано	28.05.2026, 18:15:44	Без замечаний	
Кабиштаев Орынбасар Абдукаримов ич	Проверено	29.05.2026, 09:08:27	Без замечаний	
Ержанов Нурлан Амирович	Проверено	29.05.2026, 10:35:48	Без замечаний	
Сәлім Ербол Қалтұрсынұлы	Согласовано	28.05.2026, 18:16:52	Без замечаний	
Пернебаев Нурғали Алиханович	Согласовано	29.05.2026, 08:53:35	Без замечаний	
Сейтжанова Жанна Серикжановна	Подписано	29.05.2026, 10:53:05	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КҮӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, СЕЙТЖАНОВА ЖАННА, "Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" акционерлік қоғамы, BIN991040003556
Сейтжанова Жанна Серикжановна	Зарегистрировано	29.05.2026, 10:53:14	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КҮӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, СЕЙТЖАНОВА ЖАННА, "Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" акционерлік қоғамы, BIN991040003556

